

Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізімін анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 14 сәуірдегі N 855 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық Әділет басқармасында 2008 жылғы 24 сәуірде № 5-9-82 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Глубокое аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 09 желтоқсандағы N 1422 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Глубокое аудандық әкімдігінің 2011.12.09 N 1422 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 238-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Глубокое аудандық әкімдік **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізімін анықтау туралы (әрі қарай - Тізім) (қосымша 1, 2, 3) анықталсын.

2. Тізім Глубокое аудандық мәслихатына келісуге ұсынылсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2008 жылғы 1 қаңтардан туындаған қатынастарға қолданылады.

Глубокое ауданының әкімі *Д.Бейсембаев*
Қ о с ы м ш а № 1
Г л у б о к о е а у д а н д ы қ ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 1 4 с ә у і р
№ 855 қаулысына қосымша

Ескерту. № 1 қосымша жаңа редакцияда - Глубокое аудандық әкімдігінің 2010.10.27 N 835 қаулысымен (бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Глубокое ауданының білім беру бөлімі» ММ бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық

айлықақыларын көтеру белгіленген білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау мамандары лауазымдарының тізімі

1. Қазыналық кәсіпорынның, орталықтың, мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның, лагер бастығы, меңгерушісі, соның ішінде: кітапхана, интернат, шеберхана, кабинет, әдістемелік кабинеттің және мемлекеттік мекеменің басшысы және басшының орынбасары (әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі басшының орынбасарын қоспағанда).

2. Педагогикалық жұмысшылар және оларға теңестірілгендер: барлық мамандықтағы мұғалімдер, аға тәрбиеші, тәрбиеші, аға шебер, шебер, аға вожатый, мұғалім, әдіскер, көркемдік жетекші, музыка жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог - ұйымдастырушы, қосымша білім беру педагогы, педагог-психолог, логопед мұғалім, алғашық әскери дайындық мұғалімі – ұйымдастырушы, концертмейстер, аккомпаниатор, зертханашы (физика, химия, биология, информатика кабинеттері), мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешінің көмекшісі, дефектолог – мұғалім, спорт нұсқаушысы.

3. Мамандар (бас, аға), соның ішінде: кітапханашы, вожатый, хореограф, медбике.

*«Глубокое білім беру
бөлімі» ММ бастығы* *М.Асамбаев*
Қосымша № 2
Глубокое аудандық әкімдігінің
2008 жылғы 14 сәуір
№ 855 қаулысына қосымша

«Глубокое ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ әкімшілік бюджеттік бағдарламаларында ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет мамандары лауазымдарының тізімі

1. Мәдениет мемлекеттік мекемесінің және қазыналық кәсіпорынның басшысы, мәдениет үйінің директоры (меңгерушісі).

2. Мамандар (бас, аға), соның ішінде: инспектор, әдіскер, үйірме жетекшілері, музыкалық жетекші, көркем жетекші, аккомпаниатор, хореограф, мәдени ұйымдастырушы, суретші, мұражайлардағы қорларды сақтаушы, кітапханашы, библиограф, редактор.

*«Глубокое ауданының мәдениет және
тілдерді дамыту бөлімі» ММ бастығы* *Б.Кенчимбаев*

Қ о с ы м ш а	№	3
Глубокое аудандық		әкімдігінің
2008 жылғы	14	сәуір
№ 855 қаулысына қосымша		

Ескерту. № 3 қосымша жаңа редакцияда - Глубокое аудандық әкімдігінің 2010.10.27 N 835 қаулысымен (бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Глубокое ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлықақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету мамандары лауазымдарының тізімі

1. Үйге барып әлеуметтік көмек беретін бөлім меңгерушісі.
2. Арнай әлеуметтік қызметтердегі қажеттілікті анықтау және бағалау жөніндегі әлеуметтік жұмысшы.
3. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.
4. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесші.
5. Күтім жөніндегі әлеуметтік жұмысшы.

*«Глубокое ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі» ММ бастығының орынбасары* *А.Забиров*